

А.Т.Садықова

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау қ., Қазақстан Республикасы
A.tazhigalieva@mail.ru

КӨРКЕМ ПУБЛИЦИСТИКАНЫҢ ШЕБЕРІ

Андатпа

Мақалада мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы, публицист Әбіш Кекілбаев шығармашылығының стильдік ерекшелігі, философиялық ой-толғамдары, жазушы туындыларындағы психологизм, суреткердің дара қолтаңбасы туралы айтылады.

Негізгі сөздер: тарихи тұлғалар, тарихи құндылықтар, ойшыл жазушы, психологизм мәселелері, ұлттық мүдде, халық тарихы мен тағдыры

Өткен ғасырдың 60-жылдары әдебиетке келген қаламгерлердің қай-қайсысының да шығармалары көркемдік деңгейі жоғары, рухани жағынан бай, заман талабына сай келген туындылар еді. Бұл кезеңде қазақ әдебиеті көптеген ерекшеліктерімен өзгешеленді. Көркем проза мен публицистикада заман жаңалықтары кең ашылып, адамдардың, жалпы қоғамның өсу жолдарының күрделілігін көрсету, сол арқылы дәуір ерекшелігін диалектикалық тұрғыдан түсіндіру, көркем әдебиеттегі психологизм, философиялық лирика, кейіпкерлердің жаңа бейнелерін ашу әдебиеттегі жаңа үдеріс болды. Қазақстандағы әдеби қозғалыстың да қарқынды дамыған кезеңі осы кезең олды. Проза, поэзия, драматургия, публицистика жан-жақты дамыды, көркемдік қуаты артты. Ал 70-90 жылдары тарихи романдар, өмірбаяндық романдар, повесть, әңгіме, эссе-романдар, публицистикалық толғаныстар түрі жағынан да мазмұны жағынан да жетілді.

Қазақстан өз егемендігін алып, тұғырын тіктеп, тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін Елбасы Н.Назарбаев елдің қамын ойлап, сол жолда қалам тербеп жүрген ақын-жазушыларды билікке тарта бастады. Ондағы мақсат – ел саясатын жүргізуде білікті азаматтардың кеңесі мен бағыт-бағдарына сүйену болатын. Сол азаматтардың арасында көрнекті жазушы, ҚР мемлекеттік Сыйлығының иегері Әбіш Кекілбаев та бар еді. Белгілі қаламгер, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Әбіш Кекілбаев елдің әлеуметтік, экономикалық мәселелерін терең зерттей отырып, ел болашағы, ұлт тағдыры, мемлекеттің әл-ауқатын көтеру, тұрмыс-тіршілік мәселелерін мақалаларына, публицистикалық еңбектеріне де арқау етті. Оның қай шығармасы болмасын әрқайсысында ұлттық болмыс автордың дүниетанымдық көзқарасымен астасып жатады. Өзінің ойлау қабілеті бойынша елдің рухани тұтастығын, болмысын бүкіл әлемге танытуды көздейді.

Көрнекті жазушы Ә.Кекілбаев көркем әдебиетпен бірге туып, қалыптасып, өсіп өркендеп келе жатқан әдеби шығармашылықтың бір тармағы болып келетін публицистикада да ерен еңбек етті. Өйткені ол егеменді еліміздің барлық саяси өмірі мен қоғамдық шаралар, қоғамның тыныс-тіршілігінен хабардар болды. Сондықтан да оның публицистикасында тәуелсіздік тақырыбы, тәуелсіздік құндылықтар жай сезімнің емес, терең ойдың, данышпандықтың, ақыл-парасаттың аясында берілді. Тәуелсіздік туралы салмақты да салиқалы ойлары аз емес. Оның еңбектерінің көпшілігі қазақ халқының асыл мұрасы тіл мен дін, салт-дәстүрді сақтауға арналған.

Қоғамдағы қайшылықты көрсетіп, тәуелсіздікке қол жеткізу, қоғамның саяси – мәдени салаларына елеулі өзгерістердің енуі, мемлекетіміздің іргелі ел болып қалыптасуы жазушы-публицист шығармаларының арқау болды. Өзінің «Сайран-құмарлық санаға тұсау» атты мақаласында қоғамдық ой-толғанысқа толы мәселелерді қозғаса [1], «Заманмен сұхбат» еңбегінде қоғамдық саяси көзқарастар деңгейі, қоғамдық сананың қалыптасу факторлары мен дамуының ерекше көрсеткіштері туралы ой толғайды [2].

Сының арқасында небір саяси ахуалға негізделген сюжеттердің тігісін білдірмей жатып суреттеген. Бұл ерекшелігі жөнінде жазушы Н.Оразалин мынадай пікір айтады: «Әдебиетте жаңа сөз айту екенің біріне бұйырған. Ал, бұйрығы жетіп, дүниеге келген жаңа сөз, шын мәнінде жаңа сөз – әдебиеттің ортақ абыройы, ұлттық көркем ойдың мерейі». Жазушы қаламынан қай шығарма болмасын тереңінде астарлы ой, керемет қуат жатады. Бірінгі күннің көкейкесті мәселелерін, ақиқат шындықты суреттерлік шеберлікпен оқырмандарына ұсынды. Сөз зергері Т.Медетбек қаламгердің осы ерекшелігіне, жазушылық шеберлігіне жоғары бағасын былайша берген еді: «Ә.Кекілбаевтың қай шығармасының да болмасын тереңінде астарлы ой, астарлы қуат жатады. Ол көтерген бүгінгі күннің көкейкесті мәселелері сол астарлы ой мен сол астарлы қуаттан танылып, таралады».

Жазушы еңбектерінің бір тобы – сапарнамалық туындылар. Атап айтқанда «Ұя мен жебе» (1968), «Тырау, тырау тырналар» (1995), «Ұйқыдағы аққудың оянуы» (1984) атты еңбектері – сапарнамалық шығармалар [4]. Бұл еңбектерінде ел мен елді салыстырып ондағы аңыз әңгімелерді оқырманына дәйекті деректер арқылы әр елдің өмір сүру деңгейін, тұрмыс-салтын көркем тілмен жеткізе білген.

Көп жазушылардың көкейінде жүрсе де, қаламына арқау болмаған саяси тақырыптарға батыл барып, қалам тербеген де Әбіш Кекілбаев еді. Әлеуметтік мәселелерді көтере отырып халық тұрмысын оңалту сияқты күрделі мәселелердің шешімін табуға ерекше деп қойды. Оралмандар мәселесі де назарынан тыс қалған жоқ. Олардың туған елім деп келіп, нақты орналаса алмауы, қажетті көмекті алудағы кедергілердің көптігі туралы да аз жазған жоқ. Тек жазып қана қойған жоқ, олардың шешімін табу жолын да көрсетті.

Елдің дамуы кезеңінде кездескен келеңсіздіктер кезінде оны ескерту үшін халқын сабырға шақырған мақалалары, мемлекеттік тілді сан-саққа

алып, саудаға салған әрекеттерге қарсы тіл мәртебесін көтеру туралы еңбектері жазушы қаламының құдыреттілігін танытты. Өркениетке бет түзеуге ұмтылған халықтың бағдарын көрген жазушы сабыр мен қанағатты медет тұтты. Ел еңсесін көтеріп, ілгері ұмтылу үшін керек қасиеттерді өз шығармаларында көкке үлгі етті.

Бүгінгі публицистикаға қойылатын талап – шығарма қандай тақырыпқа жазылса да, логикалық жағынан көңілге қонымда да дәлелді болуы. Осы тұрғыдан алғанда Ә.Кекілбаев шығармашылығы – қазіргі публицистикадағы тілдік ерекшеліктердің талаптарына толық жауап беретін, даралық қолтаңбасы бар дүниелері. Қоғамды алаңдатқан істерге әрдайым өз пікірін ашық айтатын, қоғамдық ахуалды жақсартуда, күрмеуі қиын мәселелерді шешуде әрдайым ой қосып, бел шеше кірісетін дара және дана тұлға Әбіш Кекілбаев – бүгінгі заман бейнесін жасаған кемеңгер.

Оның публицистикалық еңбектері арқылы оқырман бүгінгі заман бейнесін таныды. Қалам сырдарының міндеті халықтың қорғаны болу болса, жазушы, қоғам, және мемлекет қайраткері Әбіш Кекілбаев еңбектері осы үдірістен шықты. Ел болып ұйысып Халық болып қамдануды міндеттеген шығармалары өмірдің әр саласына қосқан үлесі, дамудың даңғыл жолын салған еңбектері болды. Әлеуметтік белсенділік қажет болып тұрған тұстарда халқымыздың рухани мерейіне қатысты көптеген іс-шараларды жүзеге асыруға көмектесті.

Жазушылық өнері мен шеберлігі ерекше бағалайтын шетелдік ғалымдар мен жазушылардың өздері де оның шығармашылығы мен туындыларын өте жоғары бағалады. Ол әдебиеттің тарихы мен шежіресіне, тіршілігі мен танымына ешқашан салғырт қарамаған жан, сондықтан да қай кезде қалам ұстаған әдебиет саңлақтарының көне басында тұрды. Қызмет бабымен көптеген елдерді аралады. Сонда да қолынан қаламын тастаған жөн. Тек қана қазақ жерінде емес, сонымен бірге әлем аренасынан ойып тұрып орын алған Әбіш Кекілбаевтың қоғамда алатын орны ерекше. Кезінде замандастары берген «оның тұңғығы терең, ойлы сөздері, жастайынан көсемдікке, әсемдікке құмартқан даналық бола жастан – ақ қалыптасқан» бағасы көп нәрсені аңғартады.

Сондықтан Әбіш Кекілбаевтың терең мазмұнды ой-пікірлерін, қоғамдық – саяси көз қарастары мен ой-толғаныстарын, дүниетанымын оқып үйрену болашақ ұрпақтың, жастардың парыздарының бірі де бірегейлі.

Әдебиеттер тізім:

1. Ә.Кекілбаев. Әдебиет әлемі-өнер өрісі. Алматы, 1999 ж. 405 б
2. Ә.Кекілбаев. Заманмен сұхбат. Алматы, 1996 ж. 8 б
3. Ж.Дүйсенбаева. Ә.Кекілбаев шығармасындағы тарихи тағлым. Алматы, 2007. 170 б
4. Ә.Кекілбаев. Сапарламалар. Алматы, 2010
5. Ә.Кекілбаев. II томдық шығармалар жинағы. Алматы, 1989 ж. 400 б

Аннотация

В статье изложены особенности творческого стиля, философская концепция, психологизм в произведениях писателя, публициста, государственного и общественного деятеля Абиш Кекильбаева.

Ключевые слова: исторические личности, гуманист-писатель, вопросы психологии, национальные ценности, история и судьба народа.

Abstract

The article describes the features of the creative style, philosophical concept, psychology in the works of the writer, publicist, state and public figure Abish Kekilbaeva.

Key words: historical figures, humanist writer, questions of psychology, national values, history and the fate of the people.

ҒТАМР 904

М.С.Касенов

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау қ., Қазақстан Республикасы
kasenov.1959@mail.ru

САРЫҚАМЫСТЫҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Аңдатпа

Ескі Сарықамыс ауылы, Жылыой ауданы, Атырау облысы жерінде орналасқан. Құлсары аулынан оңтүстік - батыста, 140 км., қашықта, Каспий теңізінен шығыста, 10 км., қашықта құмды шағылда жатыр.

Бұл аудан қазіргі кезеңде америкалық «Теңізшевройл» ЖШС-не қарасты жер телімінде жатыр. «Теңізшевройл» ЖШС-гі мұнай өндіру жұмысымен айналысады. Территория жабық өндіріс аумақ болғандықтан бөгде адамдарға кіруге тиым салынған.

Осы ауданда көптеген жаңа ескерткіштер ашылуда. Ескерткіштер орналасқан аймақ құмды, сорлы жер болғандықтан қазіргі кезде көптеген ескерткіштер жойылған. Құрлыс нысандары мен жәдігерлер жер бетіне шығып, шашылып жатады. Ал, үстіңгі қабатында ешқандай ескеркіш нысана белгісі байқалмайды. Жел құмды көшіргенде немесе кездейсоқ жер қазу жұмысы кезінде ғана бұл археологиялық ескерткіштер орны анықталады.

Табылған жәдігерлердің ішінде неолит дәуірінің кремнийден жасалған еңбек құралдары - кескіштер, қырғыштар, тескіштен, жебе ұштары; қола, темір дәуірлерінің қоладан жасалған жебе ұштары, әшекей бұйымдары бар. Сол кезеңнің еңбек құралдары және ескерткіштерден мал сүйектерінің көптеп кездесуі бұл аралықта мал шаруашылығы, аңшылықтың жақсы дамығандығын көрсетеді. Кей жерлерде көптеп ортағасырлық керамика